

С.Қ. Бердібаева, Д.Ш. Қожасметов, А.Б. Абдіғалиева

ҚАЗІРГІ ЖАҢА УАҚЫТ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒДАРЛАНУДЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазір жаңа Қазақстан өндіріс сферасы, рухани даму сферасы болсын өркендеудің жаңа кезеңдерін бастан кешіруде. Қазақстандық қоғам нарыққа бағдарланған. Нарық ол тек басқа экономика ғана емес, әрі басқа идеология, басқа құндылықтар, басқаша айтсақ, «әлеуметтік мінездер», яғни басқа мәдениет. Оның негізгі сипаты мынада, ол индивидуализм мен бәсекеуші сипатқа ие, сондықтан да білімдер мен ғылым сферасында осы құндылықтарға сәйкес бағыттылық болады. Қазіргі жаңа уақыт жағдайында жаңа этнопсихологиялық білімдер аса қажет болып саналады, нарыққа дейін біздердің менталитетіміз процеске бағдарланды, ал нарықта нәтижеге бағытталу негізгі жағдай болып табылады.

Психология басқа ғылыми жүйелерге қарағанда қоғамдағы өзгерістерге тез екпін жасайды, әрі соның механизмдерін көрсетеді. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, қоғамдағы жаңалықтар білім-ғылым сферасында да өз ерекшеліктерін соларға сәйкес адаптациялап, өз құрылымдарын жасайды. Нарықтық өзгерістердің жаңа жағдайында адам, жаңа интеллектік және тұлғалық сапаларды және этномәдени құндылықтарды дамыту арқылы бейімделуге қабілетті қажет етеді. Сондықтан да, бір жағынан, қазақ мәдениетінің терең тарихи тамырлары, басқа жағынан, ұлттық мәдени киелі мұрасы – фольклорды этнопсихологиялық зерттеу, жоғарыда көрсетілген қабілетті дамыту бұл күндері үлкен маңыздылыққа ие.

Этнос біз үшін, ең алдымен, психологиялық бірлік, қоршаған болмыста бағдарлану, өмірлік құндылықтар беру, тек әлеуметтік ғана емес физикалық өзіндік сезінуді қорғау болып табылады. Қазіргі жаңа уақыт жағдайында ұлттық көңіл күйде психологиялық алдыға жылжу бар – яғни өз «тамырларына» қызығу белсендірілуде.

Қазақ халқының ұлттық өмірі ұлттың құрылу процесінде жасалатын өзінің фундаменталды құндылықтарына ие. Өте жоғарғы құндылықтар беретін дәстүрлерге ол шешендік сөз бен халық ауыз әдебиетіндегі халық творчествосы, яғни фольклор жатады. Фольклор өзіндік мақсат емес, адамның өзін бекіту тәсілдерінің бірі. Ұлттық психологияны талдаудың мотивациялық деңгейі сол бір этносқа жататын өкілдерінің іс-әрекетінің ниеттенуші (оятушы) күштерін сипаттайды және олардың мотивтерін, мақсатын және ұлттық құндылықтарға бағдарлануын, сол сипаттамалардың өзара әрекетке қалай әсер ететінін зерттейді.

Этнос – менталдылықты өрнектейтін феномен, ендеше этнос – алғашқы менталдылық фе-

номені. Оның менталдылығы аса ерекше қасиет деп саналады. Ол – әлеуметтік модельдеуге келмейтін халықтың табиғи индивидуалдылығының тірі экзистенциясы. Руханилық пен табиғилық бір бірімен ұштасып, қайталанбас ерекшелікпен, олардың жалпы генезисінде үйлеседі. Этнос – индивидуалдылығымен халық даналығы, ал фольклор – сол даналықтың өзіндік ерекше творчестволық көрінісі болып саналады.

Қазіргі жаңа этнологтар мен этнопсихологтардың методологиялық және теориялық позицияларында айырмашылық болса да, олардың көпшілігі этностық немесе ұлттық өзіндік сананың маңызды құрылымдық компоненттеріне этноұлттық идентификация мен этноұлттық түсініктерді, этномәдени құндылықтарды жатқызады. Адамның қоршаған әлеммен қатынасында адамзаттық бірліктің мәдени-құндылықтар потенциалы байқалады. Олар медиаторлар (белгі, сөз, символ, миф, қозғалыс, ритуал, этномәдени белгілер, фольклор) арқылы (Л.С. Выготский) жүзеге асып, халықтың тіршілік әрекеттерінде мәнге айналады (А.Н. Леонтьев). Нәтижесінде индивид өз мәдениетін меңгереді: мінез-құлық мәдениеті (қажеттіліктер, аффектілер, қарым-қатынас, әрекет), рухани мәдениет (ойлау мәдениеті, сөз мәдениеті) психикалықтың реалды (натуралды) формасы идеалды, мәдени формаға айналады.

Этникалық сана-сезімдердің элементтері тұлғаның этномәдени дамуында белсенді көрінеді. Этникалық топтардың сана-сезімдері өз ұлтының мәдениетіне, творчествосына, құндылықтарына деген белсенді қызығуларымен байланысты. Этникалық сана-сезімдер этникалық сана шеңберінде пайда болып дамиды. Адамның этномәдени дамуын талдау пәніне мәдени практика, іс-әрекеттің мәдени формалары, яғни фольклорды зерттеу жатады.

Қоғам дамуының негізгі бір сұрағы және психология ғылымы қойып отырған мәселенің бірі – адамзат факторларын белсендіру, оның творчестволық сипатын ашу, әр ұлттың өзінің ұлттық сипаттағы творчестволық іс-әрекеттерін жетілдіру, творчестволық тұлғаны дамыту мәселелері қазіргі жаңа уақыт талабының бір негізгі сұрақтары болып отыр. Қазақ халқының киелі мәдени ұлттық мұрасы – айтыстың психологиялық табиғатын зерттеу арқылы адамның творчестволық іс-әрекетінің этнопсихологиялық ерекшеліктері анықталды.

Айтысты бірлескен диалогты творчестволық ойлау іс-әрекеті, творчестволық сөз жарысы деп

психологиялық анықтау – ұлттық этномәдени құндылықтарға деген бүгінгі жаңа уақыт жастарында жаңа көзқарастарды қалыптастыруға, творчесволық-интеллектік сапаларды дамытуға байланысты мемлекеттік бағдарламалармен үндесіп, осы саладағы ғылыми ізденістерге өз үлесін қосады.

Творчестволық сөз жарысы – айтыстың мақсаты кез келген бағамен жеке бір адамның жеңіске жетуі емес, оның мақсаты бір мәдениеттің өкілдері ретінде айтушылар мен тыңдаушылардың бірлескен творчестволық процесін бастан берге кешіру, творчествоны бірге жасау. Қазіргі жаңа жағдайында реконструкциялау кезеңі келгенде, сол халық мұраларын этнопсихологиялық тұрғыдан талдайтын уақыт келіп отыр. Бұл этностық дүниетанымды халықтың ұлттық мәдени құндылықтары мен халық творчесвосы негізінде көру, этнопсихологиялық дамуды жалпы адамзатқа ортақ даму заңдылықтарында қарау болып табылады.

Тұлғаның дамуы, мәдени тарихи тәжірибені меңгеруі арқылы жүзеге асатындықтан, адамның құндылықтарға бағдарлануының даму мәселесіне деген қызығу туындайды. Әсіресе халық даналығы мен өнегелік нормалардың кең көлемді күші мен потенциалын құрайтын фольклор арқылы тәжірибені игеру мектептерін қалыптастыруды қажет етеді. Әрине бұл этнопсихологиялық, педагогикалық ұғынуды қажетсінетін күрделі процесс.

Құндылықтарға бағдарлану мәселесін этнопсихологиялық тұрғыдан шешуде, яғни адамзат жасаған рухани тәжірибені меңгеру (халықтық фольклор, ұлттық дәстүрлер) білімдер жүйесінде, әсіресе мектепте, оның ішінде бастауыш кезеңі өте сензитивті. Себебі, бұл жаста берілген рөлге тез ену, жаңа әсерлерге деген қажеттіліктерге жоғарғы танымдық белсенділік, қоршаған әлемге деген қызығулар, сенгіштік, қайырымдылық, эмоциалылық, ашықтық сияқты сапалармен шарттанады. Осы маңызды объективті шарттар негізінде балада, жеке адам дамуының негізгі қайнар көзі болар фольклор жанры, прогрессивті халықтық салт-дәстүрлері арқылы құндылықтарға бағдарлануды қалыптастыруға болады.

Қазақ халқының фольклорының мәдени мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақтың ұлттық және тарихи сана-сезімдерінің қалыптасуына, олардың рухани биіктігіне, ұлттық және адамзаттық мәдениет сфераларындағы құндылықтарға бағдарланулар жүйесін қалыптастыруда аса маңызды орны бар. Қай фольклорды талдасақ та, оларды мәдениет дамуының бірыңғай тұтас процесі, жалпы адамзатқа тән барлық рухани тәжірибені тасушы деп қарап, әр этнос өзінің мәдениетін, рухани дүниесін байытады деп ой түйінделеді. Қазақ фольклорының өзіндік таным

мен дүниені қабылдаудағы рөлін түсіну үшін халық фольклорын рухани мәдениеттің категориясы, құндылықтарды таратушы, социумда бағдарланудың және идеалдарды тәрбиелеудің негізі деп қабылдау керек.

Құндылықтарға бағдарлану табиғаты бойынша әлеуметтік және индивидуалды феномен, жеке адамның когнитивті құрылымдары мен мотивациялық – қажеттілік сферасының элементтері болып табылады. Ендеше этнопсихологиялық аспектіде құндылықтарға бағдарлану, дәлірек айтсақ оларды халықтың асыл мұралары фольклор творчесвосы арқылы индивидті дамытуға негізделген зерттеулер ең маңызды мәселелердің бірі.

Тұлғаның социализациясының маңызды факторының бірі фольклорды оқытып үйрету, талдау, оларға жастардың икемделуі де жатады. Фольклорда халықтың бостандыққа, тәуелсіздікке деген жолдары бейнеленген, адам жанының барлық психологиялық болмыстары, тәрбие негіздері де беріледі. Мұның өзі халқымыздың ерлікпен қатар жан тәрбиесін қатар беруді мақсат еткендігін байқатады. Фольклордың психологиялық, эстетикалық, педагогикалық рөлі зор, ол ешуақытта да өз мәнін жоймайды.

Өнердің барлық түрлері тәрізді, фольклордың да түпкі негізі – күллі байлығы, әр алуандылығымен, өзіне тән қайшылықтармен қоса халық өмірі, сол этностың этнопсихологиялық ерекшелігі болып саналады. Фольклордан халықтың басынан кешірген сан алуан тарихын, психологиялық болмысын, өмірін тұтастай көруге болады. Фольклорда тек тарихтың жекелеген оқиғалары ғана суреттелмейді, сол этностың ғасырлар бойғы мұрат-мүдделері, арман-тілектері, яғни ішкі мотивациялары, туған елге деген сүйіспеншілік, адалдық, батылдық сияқты құндылықтарға бағдарланған бейнелеулерді көреміз.

Индивид үшін құндылықтар болмысты бағалаудың кей белгілерінің бірі. Құндылықтар бір мезгілде мотивациялық әрі когнитивті құрылулар болып табылады. Олар адамның мінез-құлқын белгілі бір мақсатқа бағыттайды, ұйымдастырады, бағдарлайды және информациялармен когнитивті жұмысты детерминациялайды. Индивид әлемді құндылықтар призмасы арқылы ұғынады, яғни «құндылықтар адам арқылы таным процесінде әлеуметтік әлемді детерминациялайды». Құндылықтарға бағдарлану адамның мақсатқа сәйкестік процесін бағыттап, түзетеді және әлеуметтік ортада субъектінің мінез-құлқы мен әлеуметтік іс-әрекетін психологиялық реттеуді жүзеге асырады. Жеке адамның дамуы мәдени тарихи тәжірибені меңгеруі арқылы жүзеге асатындықтан адамның құндылықтарға бағдарлануының даму мәселесіне деген қызығу туындайды.

Көптеген зерттеулерді талдау барысында (В. Вундт, Г. Вернер, Л.С. Выготский, К. Юнг) халықтық фольклор арқылы жеке адамды дамытудың психологиялық терең мазмұнын көруге болады. Фольклорды, ұлттық салт-дәстүрлерді интериоризациялау индивидтің мінез-құлқын реттейді, соның негізінде әлемге, басқа адамдарға, өзіне деген қатынасы өзгереді. Этнопсихологиялық тұрғыдан фольклор индивидтің рухани әлемін қалыптастыру құралы және мәдениетінің, сана-сезімдерінің формасы, индивидтің әлеуметтік мәдени тіршілігін қамтитын мәдениетті индивидуализациялау тәсілі мен жеке адам социализациясының маңызды шарты болып табылады.

Адамзат баласы жасаған мәдени жетістіктерді тарихи шоғырлай отырып, адамзат тіршілігінің аксиологиялық және семантикалық кеңістігін белгілеуге болады. Қазақ халқының фольклоры шексіз, көптеген мағыналар мен экзистенциалдарды береді, олар адам мен әлем көрінісін құруда индивидуалды авторлық формаға ұлттық мәдени жағдайды шоғырландырады.

Фольклордың функцияларымен оған сәйкес потенциалдары, ерекше қырлары олардың антропологиялық бағыттылығымен анықталады және жеке бастық дамудың негізі болып табылады. Осы «идеалды» модельдердің көріну, сақталу, жинақталу формасын қазақ халқының фольклорынан көреміз. Қазақ халқының фольклоры адамның рухани энергиясының «шоғырлануы» тәріздес. Қазақ халқының фольклорындағы көріністер әлеуметтік интеграция процестерін оптимизациялауда және индивидуализациялауда, индивидтің жоғарғы құндылыққа бағдарлануында, идентификациясында және өзін тарату потенциалдарында ерекше рөл атқарады.

Сондықтанда қазақ фольклорын мұра боп қалған халық даналығы деп қана қарамай, оны өсіп келе жатқан ұрпақтың сана-сезімдері мен ұлттық мақтанышын, ұлттық психологиясы мен мінезін қалыптастырудың қайнар көздері деп қарастыру керек. Рухани құндылықтарды саналы таңдауды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешу, жеке бастық даму мәдени құндылықтарды интериоризациялау процесі болып табылады, яғни оларды меңгеру. Адамның руханилығы ең жоғарғы деңгейде тек меңгерумен ғана емес, сондай-ақ жеке адамның мотивациялық қажеттілік сферасында – әсемдік заңымен әрекет етуде көрінеді. Мұндай құрылымдық мазмұнды сипаттаманы ұйымдастыруда, фольклорды арнайы талдау және сәйкес жүйелеу оларды бейімдеу үшін арнайы зерттеулер жасау керек.

Ең алдымен, фольклордың психологиялық сипаттамасын талдап, этнопсихологиялық өзге-

шеліктерін тауып, олардың жалпыланған психологиялық портретін құру және негізгі жеке бастық параметрлерін анықтап, персонализациясын индивидтің жеке бастық дамуына апару мүмкіндіктерін табу. Этнопсихологиялық негізгі міндет – танымда әлемнің этникалық категориялы бейнесін құру, творчестволық қиялды дамыту, парадокстерді іздеу. Ерікті мінез-құлықты ұйымдастыруда мақсатқа сәйкестікті, тәсілдерді іздеу, нәтижелерді бағалау. Әлеммен эмоциялық байланысқа түсу, сезіну, оқиғалардың мәнділігін түсіну, құндылықтарға бағдарланған өзіндік анықталу.

Индивидтің интериоризациясы – жалпы адамзат пен ұлттық мәдениетті, творчествоны бағалау әрекетін жүзеге асыруда, іс-әрекетті қоғамдық эталондармен сәйкес, ұлттық құндылықтарға сай келетін жоспарларды құруға көмектеседі. Сондықтанда фольклор этникалық сана-сезімдермен өте жақын. Фольклор этносты зерттеудің қайнар көзі. Фольклор индивидке терең психологиялық мазмұн қалдырады.

Индивидте этникалық сана-сезімді дамыту негізінде – халық мәдениеті – ол тек өткен тарих ғана емес, қазіргі жаңа ұрпақ үшін руханилық пен өнегеліліктің репрезентация тәсілінің бірі екенін түсіндіре отырып, тұтас бір этностың психологиялық, мәдени, әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктері жайлы түсініктерді қалыптастыруға болады.

Этнопсихология үшін ең маңыздысы, көп ғасырлар бұрын жазылған фольклорда ұлттық құндылықтардың иерархиясы тұтасымен немесе қандай дәрежеде сақталғанын зерттеу маңызды. Адамзаттың асыл, әрі ұлттық құндылықтары болып табылатын құндылықтар бүгінде өнегелі гуманистік құндылықтардың тірегі болып табылады.

1. Бубнова С.С. Ценностные ориентации личности как многомерная нелинейная система. // Психологический журнал. - 1999. – №5. – С. 38-44.

2. Гусев В.Е. Проблемы фольклора в истории эстетики. – М. – Л., 1963. – С.607

3. Лебедова Н.М. Введение в этническую и кросс-культурную психологию. – М.: Ключ-С, 1999. – 230 с.

4. Собкина В.С. Этнос. Идентичность. Образование: Труды по социологии образования. – М.: Наука, 1998. – 270 с.

В статье рассматриваются проблемы этнопсихологических особенностей ценностных ориентаций личности в условиях современного периода.

Ethnopsychological issues of ethnic values of personality in the modern society are considered.

Н.С. Ахтаева

ФОРМИРОВАНИЕ ТВОРЧЕСТВА КАК ПРИОРИТЕТНОЙ ЦЕННОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА (ИЗ УНИКАЛЬНОГО ОПЫТА РАБОТЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ТВОРЧЕСТВА)

Психологический феномен ценностей часто сближается с понятием норм поведения. Понятие нормы (например, групповых норм) предполагает большую степень унификации и стандартизации поведения, чем понятие ценности. Кроме того, согласно Маслоу, ценности связаны с процессом самоактуализации личности и в этом смысле не обусловлены непосредственным социальным окружением индивида, тогда как понятие нормы (адаптацию) индивида к жизнедеятельности группы или другой социальной общности. При отклонении поведения от принятых в группе норм применяются, в частности, групповые санкции (чего нельзя сказать относительно ценностей).

Процент людей, для которых характерно ценностно-ориентированное поведение, крайне мал (в соответствии с гуманистическими теориями личности около 1%). Поэтому, если ценности соответствуют высшему уровню культуры саморегуляции поведения, то нормы в большей степени предполагают ориентацию личности на «средний», «массовидный» уровень этой культуры.

Отличие ценностей от норм наиболее выпукло выражается в том, что ценностно-ориентированное, то есть (ценностно-мотивированное) поведение может быть соотнесено с особой «сверхнормативной» (Р.С. Немов) активностью личности. Оно непосредственно сопрягается с понятием «ценностно-ориентационного единства» коллектива, введенного А.В. Петровским.

Еще одно важное отличие норм от ценностей заключается в том, что в нормах поведения есть момент чего-то конвенционального, условного. В связи с этим Н.С. Шадрин считает необходимым ввести представление о личностных ценностях как таких мотивационных образованиях, для которых в полной мере характерна связь со «сверхнормативной активностью» и направленностью на безостановочное развитие и самореализацию индивида.

Ценности, по сравнению с нормами, содержат нечто безусловное, абсолютное, приближенное к принципам поведения, однако таким принципам, которые добровольно принимаются личностью на путях ее свободной самореализации. Анализ ценностей в их сопоставлении с другими мотивационными образованиями позволил Н.С. Шадрину сформулировать следующее рабочее определение: «Ценности – это разновидность высших, надситуативных, обще-

ственных по своей природе мотивов личности, опирающихся на конвенционально-нормативный уровень поведения индивида, связанных с ее индивидуальностью и выражающих устойчивые стремления личности, направленные на ее самореализацию в сфере духовной культуры в жизни и поведении других людей».

Приоритетной ценностью в нашем исследовании является ценность «творчество». В психологии творчество в широком смысле понимается как деятельность в ситуации неопределенности, направленности на получение результатов, обладающих объективной и субъективной новизной. Творчество не обязательно связано с такими видами деятельности, которые традиционно относятся к творческим (сочинение музыкальных или поэтических произведений, музыкально-исполнительская или сценическая деятельность). Оно находит место во всех сферах и обстоятельствах, когда приходится действовать в ситуациях неопределенности, неизвестности, отсутствия четких алгоритмов.

Креативность как система творческих способностей может рассматриваться в психологии в нескольких ракурсах: как характеристика интеллектуальной сферы (Э. Торренс), как самостоятельное качество мышления, не сводимое к интеллекту в его традиционном понимании (Дж. Гилфорд), либо как система личностных качеств (Я.А. Пономарев). Кроме того, некоторые исследователи полагают, что творческих способностей как таковых не существует, а поведенческие проявления, рассматриваемые как творческая активность (поведение, которое не предопределяется внешней стимуляцией, а является для личности самооценностью), диктуется другими факторами: ценностями, мотивацией (А. Маслоу).

Несмотря на различия во взглядах авторов на то, что именно является главной психологической составляющей креативности, во всех подходах этот феномен связывается с созданием чего-то нового для личности или для общества. Эта потенциальная способность к разностороннему мышлению, чувствованию и действию, позволяющая выстраивать продуктивное поведение в ситуациях новизны и неопределенности.

Существуют различные определения креативности, в которых акцент может делаться:

- на продукты, создаваемые благодаря ей: креативность как способность порождать нечто новое, необычное, оригинальное;

- на процессы: креативность как особая разновидность творческого мышления, высокоразвитое воображение, эстетическое мировосприятие и т.д.;

- на личностные качества как открытость к новому жизненному опыту; независимость, гибкость, динамичность, оригинальность, самобытность личности;

- на внешние условия: креативность как способность продуктивно действовать в ситуациях с высокой степенью неопределенности, где отсутствуют заранее известные алгоритмы, гарантированно ведущие к успеху.

Так или иначе, креативность рассматривается как некая противоположность обыденности, стандартности, конформности (податливости внешнему влиянию).

Способности с психологической точки зрения, как известно, это предпосылки к успешному освоению какой-либо деятельности, дающие возможность освоить ее с максимальным выходом в пересчете на трудозатраты, т.е. своеобразный аналог понятия «коэффициент полезного действия» применительно к освоению человеком деятельности. Под творческими способностями в литературе понимаются характеристики, которые позволяют продуктивно осваивать деятельность, направленную на получение результатов, обладающих новизной. А для преподавателя вуза творчество должно стать стилем жизни, смыслом жизни. Для этого необходимо, как минимум, еще две составляющие: сочетание личностных качеств, при котором человеку комфортно в ситуациях изменений, неопределенности, нестандартности; собственный выбор человека, в соответствии с которым он находит ситуации изменений, неопределенности приемлемыми для себя, не стремится сделать свою жизнь предсказуемой. Кроме того, проявления креативности тесно связаны с эмоциональными факторами, особенностями межличностного взаимодействия и мотивационной сферы, побуждающей к проявлению творческих способностей.

Таким образом, креативность включает в себя:

- 1) интеллектуальные предпосылки творческой деятельности, позволяющей создавать нечто новое, ранее неизвестное (творческие способности в узком смысле этого понятия), а также предварительный набор знаний и умений, технологий необходимых для того, чтобы это новое создавать;

- 2) личностные качества, позволяющие продуктивно действовать в ситуациях неопределенности, выходить за рамки предсказуемого, непредвиденного проявлять спонтанность:

- 3) метатворчество – жизненную позицию человека, подразумевающую отказ от шаблонности, стереотипности в суждениях и действиях, желание воспринимать и создавать нечто новое, измениться самому и изменять мир вокруг себя, высокую ценность свободы, активности и развития, тем самым пробуждать любознательность у окружающих, стремлением быть непохожим на других и слепо копировать их модели. В целом креативность можно определить как комплекс интеллектуальных и личностных характеристик, позволяющих человеку продуктивно и эффективно действовать в ситуациях новизны, неполноты исходных данных и отсутствия четкого алгоритма решения проблем.

Согласно известной в литературе концепции Дж. Гилфорда и Э. Торренса, креативность рассматривается как самобытная разновидность мышления – так называемое дивергентное мышление («расходящее», идущее в разных направлениях) мышление, которое допускает варьирование путей решения проблемы, приводит к неожиданным выводам и результатам. Такое мышление противопоставляется конвергентному («сходящемуся»), направленному на поиск единственно правильного решения на основе анализа множества предварительных условий. (В.Н. Дружинин). Дивергентное мышление ориентируется не на известное или подходящее решение проблемы, а проявляется тогда, когда проблема еще не раскрыта и неизвестен путь ее решения. Такое мышление проявляется в способности в случае необходимости изменять наличные условия в интересах достижения принятой цели, в противостоянии логике сложившихся норм и отношений, которые мешают полноценно работать

Дж. Гилфорд выделял, в частности, такие компоненты креативности:

- способность к обнаружению и постановке проблем;
- беглость – способность к генерированию большего числа идей;
- гибкость – способность продуцировать разнообразные идеи, относящиеся к различным смысловым категориям;
- оригинальность – способность выдвигать нестандартные, редкие идеи;
- способность усовершенствовать объекты или идеи, добавляя детали;
- способность к решению проблемы на основе анализа и синтеза информации.

Креативность, по мнению Е. Торренса, связана с обостренным восприятием недостатков, пробелов в знаниях, дисгармонии и т.д. К этой концепции близка точка зрения Э. Де Боно, говорившего при рассмотрении проблем твор-